

А. Тахтанова

АЙҚЫНДАУДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ПОЭТИКАСЫНДА АЛАТЫН ОРНЫ

Жанр деп, егер кең мағынада алатын болсақ, көркемдік жүйесі бірыңғай ескерткіштер жиынтығын немесе тобын айтуда болады. Жанр нақтылы мазмұн мен соған сәйкес көркем құралдар жиынтығының жүйесі, осы жүйенің ішінде айтартықтай маңызы бар компоненттің бірі - поэтика. Поэтика ұғымы - композиция мен көркем құралдардың бірлігі /1, 2386/. Енді осы көркем құралдарына тоқталып өтелік. Мал шаруашылығымен айналысқан көшпелі елде өмір сүріп, бар өмірі табигат аясында өткен ақын, жыраулар адам өмірінің қат-қабат құбылыстарын өздері өмір сүрген табиғи орта, мал шаруашылығы, өсімдік әлемі, жануарлар дүниесіне қатысты сөздермен салыстыра береді. Ақын-жыраулардың тілдік, көркемдік құралдары табиғаттан алынды, соған үйлесті. Олар заттық құбылыстарды сезімге айналдырганда олардың арасына теңсіздік белгі қойылмайды. Ол үшін зат та сөз, сөз де сөз. Екеуі бірдей әрекет иесі. Жырда кез келген образ затпен бір. Ақын кеңістігі бәрін заттандырып, затты қайта жандандырып отырады. Оның қабылдау кеңістігі, объектісі тірі, өзі соның бір мүшесі, оқиғалар тағдыры - өз тағдыры. Заттың ішінде оның сыры жасырынған. Ақын-жыраудың мақсаты осы сырды нақтылап, қайта затқа айналдыру.

Көркем шыгармадағы әртүрлі бейнелеу құралдары: метафора, эпитет, теңеу, метонимия- бұлар да образ – сөз образы. Эрбір бейнелеу құралы - идея көрінісі. Бейнелі құрылымның барлық элементтері суреткердің көркем дүниетанымын, көзқарасын айқындаиды.

Сан ғасырлар бойы халық ауыз әдебиеті және жеке индивидуалды поэзия қазақтардың сөз өнерінің негізгі формасы болды, ол халыққа оның тарихын, көркем өнерін, драмасын ауыстыруды. А.Меңтің араб көшпенділері жайлар айтқан пікірі типология жағынан қазақтарға да келеді: «Көзге бірден көрінетіні, - деп жазады ол, - поэзияның бейнелеу өнерін де бірге алып жүруі» /2, 2176/.

Бірақ қазақ әдебиетінің эстетикалық мазмұнын зерттең, ұлттық поэтиканың негізін салған сол бейнелеу құрылымдары мен амалдарын қарастырумен бірге жүруі тиіс. А.Н.Веселовский бұл туралы: «...поэтиканың тілін қалыптасқан жерінде, яғни халық поэзиясы топырағында зерттеу кажет» /3, 4196/. Ғасырлар бедерінен өткен сөз сонау заманда болған, көбіне ұмытылған жайлардың даусы секілді. Ол бойына халық образдылығының күш-

куатын, халықтың бейнелеу амалдарын дарытқан. Теңеу, эпитет, метафора, басқа да көркем тәсілдер ғасырлар арқылы халықтың теңдесі жоқ көркем ойларын ала келді, болмысты эстетика тұрғысынан қабылдау амалдарын да әкелді.

Айқындау - эпитет - заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайдын суретті сөз. Эпитетсіз тіпті айтартынды анықтау, суреттеп отырған нәрсенді нақтылау кын, сол себепті екі халықтан шыққан ақындардың шығармаларында ол көпtek кездеседі.

Бір топ эпитеттер батыр, батыр арманы, оның құрал-жабдықтарын айқындаіт түседі («жагасы алтын, жені жез, шығыршығы торғай көз сауыт киер ме екенбіз?» - Ақтамберді), бірқатар айқындаулар табиғи орта, табиғат құбылыстарына орай беріледі («Қоғалы көлдер құм сулар, қоныстар қонған өкінбес» - Доспамбет), айқындаулардың бір тобын жан-жануарлар дүниесіне орай кездеседі («Жез қарғылы құба арлан» - Шәлгез, «қара бұлан терісін етік қылар күн кайда?» - Доспамбет), эпитеттердің бірсыньярасы өмір, мекен-жай, тұрмыс-тіршілік көрінісі, көшпелі өмірге тән әрқиылдық жайларды айқындаіт түседі («Салп-салпыншақ анау өзен, салуалы менім ордам қонған жері» (Қазтуған), «Зерлі орындық үстінде, Ақ шымылдық ішінде Тұлымшағын төгілтіп,... Ару сүйдім өкінбен» - Доспамбет), әйел образдарын жасауда жырауларымыз қолданатын айқындауыш сөздер (ақ бет, талма мойын, дегдар кызы, жұпар қойын, қыналы бармак, сұлу қатын) бар.

Енді кейбір айқындауларды толығырақ қарастырып өтелік. Ақын, жыраулар «боз» деген айқындауды бірқатар тұстарда пайдаланаады (боз орда, боз ат, боз қасқа кой, боз жусан). Бұл айқындаудың поэзияда қолданылуы көне дәстүр көрінісі, ол халық ұғымында киелі, қасиетті тұс. Сондықтан да халық әдебиетін тудырушылар оны әркез қадірлі, қасиетті деген заттар мен құбылыстарды суреттеуде мол пайдаланып отырған, Асан Қайғы «Боз сазаны тоқтыдай», Доспамбет «Ілісесі биік боз орда».

Тағы да мол қолданған эпитеттердің бірі - «ақ», ең қалаулы тұс, қасиетті ұғым (ақ ана, ақ сүт, ақ бөле, ақ бесік, Ақ Жайық). Жаны, ары таза адамды «ақ адам» атайды. «Ақ» айқындауының арғы тегі пәк - таза деген ұғыммен байланысты. Сөйтіп, халықтың «ақ» сөзін қасиетті, құштар, қадірлі ұғымдарға байланысты айтады. Өмірдегі алуан адамдар

мен заттардың, қылыштың күбілістардың сапасы мен қасиеті қандай болса да, олардың бірқатарын «ақ» деп айқындау халықтың мол мейірім, інкөр көңілінің, үлкен үміт, телегей тілегінің, шалқар сезімінің, асыл арманының күәсі. Сондай-ақ ақын, жыраулар ару торы аттың табаны қара, Жайықтың сұзы қөгілдір, киіктің түсі сарғыш болса да, арғымақ атқа қанат байлағандай халық ұғымындағы жүйріктік, дұлдулдік сипатты дарытып «ақ табан» деп, туган жердің өзені Жайыққа «Ақ Жайық» атағын тағып, сарғыш киікті «ақ қиік» деп айқындау берген. Мысалы, Қазтуған жырау «Алан да алан, алаң жұрт, ағала ордам қонған жұрт», Доспамбет «Ақ желкенді жел бастар», Үмбетей жырау «Ақ шауліге қос тігіп», Тэтіқара ақын «Ақ сұңқар құстай түледі», Шал ақын «Ақ бетіне қан құйған» деген жолдар бар, барлық мысалдарда «ақ» сөзі ерекше мән беріп тұр. Бәдәүи ақындары да «ақ» сөзін киелі мағынада қолданған. Мысалы Аң-Набига аз-Зубияниден келтірілген бәйіт жолында «ақ жұзді» деген тіркес бар, ол ақсүйектікі білдіреді:

تحبّهم ببعض الولاذ بينهم واصيّة الأضريج فوق المشاجب

Ақ жұзді балаларымен кездестіресің оларды. Илгіште көйлектері тұр қызыл жібектен /4, 2855/

Зухайр ибн Аби Сульма «ақ» сөзі киімге байланысты беріліп тұр, ақ киім мәртебенің жоғарылығын көрсетеді:

عليها اسود ضاريات لبوسهم سواعغ بيض لا تخرقها النيل

Ашулы арыстанға ұқсайды, ал киімдері үстіндегі, Ұзын және ақ, жебелер теспеген көйлектерін олардың /4, 309/. Немесе:

فجالت على وحشيتها وكانها مسربلة في راز في معضد

Қаһарланып қарал жан-жакқа аяғын басты асықпай, Ақ киімге кінгендей көрінді, өте әдемі болып кетті /4, 322-323/

«Ақ» сөзінің антонимі «қара» түсі поэзияда өзіне лайықты орын алған. Мысалы, Доспамбет жырауда «Зырлап ақкан қара қан» жолында ол қызыл түсінің орнында қолданылып тұр немесе осы жыраудың «Қара бұлан терісін, Етік қылар күн қайда», Шалқиіздің «Миығына қара шыбын балалап», Бұқар жыраудың «Қара қойдың терісін, Сабындал жусаң ағармас» жолдарындағы «қара» сөзі өзінің реңін білдіріп тұр, сонымен қатар бұл тұс ауыспалы мағынада да қолданылады, мысалы «қара ниетті адам», «қаралы хабар» секілді тіркестерде жағымсыз әрекеттерді көрсетіп тұр. Бәдәүилердің арасында да «қара» сөзінің қолдану аясы кен, Саалаб ибн Суайраның жолдарында «қара шанаш» тіркесі, Әл-Ашаның «үлкен ескі қара құмыра» тіркесінде «қара» сөзі - ыдыстың түсін, Зухайр ибн Аби Сульма «қара сұрме, қара

сзыық, қара мүйіз» тіркестерінде де заттардың реңін білдіріп тұр, аң-Набига аз-Зубияниде жыртқыш құстарды қара киім киген шалдарға балап тұр, яғни шайыр жаман ырым әкелушілер деген мағынада қолданып тұр. Саалаб ибн Суайра:

باقرتهم بسباء جون ذارع بل الصباح وقبل لغنو الطائر

Қара шанаштан шарапты алуым үшін сатып, Таң атпастан келемін, құстардың даусы шықпай.

Әл-Аша:

وادکن عاتق حجل سبحل سبحت براحه شربا کراما

Үлкен ескі қара құмыра шарапқа толы, Онымен келдім мен таң атпастан достарыма өзімнің /4, 59/

Зухайр ибн Аби Сульма:

وناظرتين تطحران قدھما كانهما مكھولتان بالتمد تبذ الالى باتینها من ورائهما وان تقدمها السوابق تصطد

Көздері қара сзыықпен сзыылғандай көрінеді, Қара сұрмемен боялғандай кірпіктері онын. Бір ит артынан коса жүгірді, қуып жетті ол оны Қара мүйіздер иесін корғап тұра қалды /4, 322-323/

Аң-Набига аз-Зубияни:

تراهن خلف القوم خزرا عيونها جلوس الشيوخ في ثياب المرانب اذا ما التقى الجمعان اول عالب جوانح قد ايقن ان قبيله

Шабуылда жыртқыш құстар ере үшады, Иісіне қаннның әбден дағдыланған, себебі ол көп болған.

Қара киім киген шалдарға тұрлар ұқсайды олардың /4, 283/.

Әрине «ақ» пен «қара» реңдерден басқа да тұстерді кездестіруге болады, мысалы Асан Қайғыда «Көлде жүрген қоңыр қаз» - қоңыр, Доспамбет «Бетегелі сары арқаның бойында» - сары, Шалқиіз «Сар шыпшықтай шырлатып» - сары, «Еріккенде қызыл тілін тыймаган» - қызыл, «О-дағы бір құба арланға жолығар» - құба, Ақтамберді «Сары су болды жүрекке», «Көкорай шалғын көк майса» - көк тұстерін кездестіресіз. Әрине олар тұра мағынасында, яғни заттың реңін, сонымен қатар ауыспалы мағынада да қолданылады (сары су - ірің), «көк» түсі көп ретте жасыл сөзінің орнында қолданылады, мысалы көк орман - жасыл орман, көк шөп - жасыл шөп.

Шал ақынның «Қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып, әркімді бір сұқақ қылар» деген жолдарында әйел адамның киімдері аталады, бұл жолдан көзге оттай көрінетін қызыл белбеу таққан, шоңқима етік киген, көздің жанарын өзіне бірден қарататын үкі таққан сұлуды көз алдымызға елестетуімізге болады. Бәдәүилер де тұстерді заттың реңін білдіргенге қолданады.

Әл-Аша:

آخرته شهباء كسبلة الودق رجوس قدامها فراق

Жаңбырдың астында суланып сүр түске боялады денесі, Жолдастарының алдында ылғи да ол көрінеді, жаңбыр болса ері қарай себелейді /4, 54/.

Батырлардың құрал-саймандары, киімдеріне байланысты кездесетін айқындауларға келейік, «толғамалы», «ала», «алты құлаш» сөздері қарумен тіркесіп көп кездеседі, мысалы Доспамбетте «Толғамалы ақ балта, Толғап ұстар күн қайда», «Толғамалы ала балта қолға алып, Топ бастадым өкінбен», «Алты құлаш ақ наиза, Ұсынып шаншар күн қайда», Шалқиізде «Ала балта сурысып», Ақтамберді жырау «Қоныраулы наиза қолға алып, Жалаулы наиза қолға алып», Бұқар «Толғамалы қамшы алып» оққа байланысты Доспамбетте, сайгез - тез мағынасында «Садақ толған сайгез оқ», Шалқиіз жырауда егеулі - егелген оқ мағынасында «Далада құлап домбай шұбырса, О-дағы егеулі оққа жолығар!» кездеседі.

Халқымыз төрт түлік малды бағып, күн көрген ел. Көшпенді-бақташылық өмірде олардың атқаратын ролі кең. Соның ішінде батырдың досы, қанаты сәйгүлікке байланысты кездесетін айқындаулардың санына шек жоқ, мысалы Доспамбетте «Торы төбел ат мініп», «Жагы түкті жылқы айуан», Жилембет жырауда «Қыналы бозға мінген ер» деген жолдар кездессе, басқа ақын, жыраулардың туындыларында да оларды тостаған көзді, қигаш қамыс құлакты, жүйрік ат, шұбар кесем, т.б. деп атап, жылқы атаулыға аса үлкен құрметпен қараған. Бәдәүи ақыны ал-Ашаның бәйітіне көз салайық:

وَفِلَادَةٌ كَانَهُ ظَهَرٌ تَرْسٌ لَيْسَ إِلَّا الرَّجِيعُ فِيهَا غَلَاقٌ
قَدْ تَجَوَّزَتْهَا وَتَحْتَهَا مَرْوَحٌ عَنْتَرِيسٌ نَعَابَةٌ مَعْنَاقٌ
عَرْمَسٌ تَرْجِمَ الْأَكَامَ بِالْخَافَّ صَلَابٌ مِنْهَا الْحَصَى اَفَلَاقٌ
فَوْقَ مُسْتَبْقَلٍ اَضْرِبِهِ الصَّيْفُ وَزَرْ الْفَحْولَ وَالنَّهَاقَ
أَوْ فَرِيدٌ طَلَوْ تَضْبِيفَ اِرْطَاءٍ عَلَيْهِ مِنَ الْغَصُونِ رَوَاقٌ
وَتَعَادِي عَنْهُ النَّهَارَ تَوَارِيَهٌ عَرَاضَ الرَّمَالَ وَالدرَّادِقَ

Шөл даланы мен қалқанның бетіне ұқсатамын, Тікенектен басқа еш нәрсе жоқ оның бетіндегі.

Мен оны кесіп откемін, астымда жүйрік түйем болған менің, Аяғы оның мықты, ал мойыны жүрісте созып оның керіледі.

Табандары төмпешіктерді ұсақ тасқа жарады, Аяғында нық тұрып талай таңсәріні карсы алғанбыз.

Шапшаңдығы жабайы есек жүгірісі тәріздес, Шақырайған жазда ол төзімді, ал ақырса есектей қатты мөнірі.

Аш жабайы бұқа секілді түндерін ол откізеді, Шөл агашы бұтактарының астында ол түнейді.

Қапырық қундермен күресіп, алыска ол жол шегеді, Ыстық құмды жазықты, зәулім құмды тобені кесіп ол жүреді /4, 354/.

Шөл жануары түйені түз адамдары қатты бағалаған, оған қасыдаларында тиесілі орын берген. Шайыр түйесінің жүйріктігін, табандары төмпешіктерді тасты жарып қана қоймай, ұсатып жіберетінін айтады, жүгірісін жабайы есекке балап, мөңірін есектің ақырған даусына теледі, қапырық құнгеле, құмның ыстығы мен зәулімдігіне қарамастан алыс сапарға жол шегетінін мактана жырлайды. Әл-Ашаның қолданған эпитеттері түйе образын одан әрі айқындағы түседі.

Шалқиіз жыраудың «О-дағы бір аш қасқырға жолығар», Ақтамберді жыраудың «Ор қояндай жүгінтіп, Аш күзендей бүйілтіп» деген жолдарында «аш» сөзі қасқыр мен күзен образдарына ерекше көркемдік беріп тұр, халқымыз «аш бала тоқ баламен ойнамайды» деген нақыл сөздерін бекер айтпаған, аш адам мен тоқ адам көнілдерінің айырмасы жер мен көктей, жыртқыш андарда ол айырмашылық екі есе. Имруульқайс бәйітінде тіршілік атаулы көрінбейтін даланы есектің «аш» қарнына балап ерекшелендірген:

وَادِ كَجُوفَ الْعِيرِ فَقَرَ قَطَعْتَهُ بِهِ الذَّئْبِ يَعْوِي كَالْخَلِيلِ الْمَعِيلِ

Есектің аш қарныңдай бос жазықтардан мен оттім, Көп балалы ойыншының даусындағы естілген қасқыр ұлуын естідім.

Сонымен қатар әл-Аша бәйітінде тұлпарды аш жабайы бұқаға теледі, оның себебі бұл жануар түнде, аш кезеңінде үйқы көрмейді:

أَوْ طَلَوْ تَصِيفَ اِرْطَاءٍ عَلَيْهِ مِنَ الْغَصُونِ رَوَاقٌ

Аш жабайы бұқа секілді түндерін ол откізеді,

Шөл агашы бұтактарының астында ол түнейді /4, 354/.

Ан-Набиға аз-Зубиянидің ислам діні енді есігін аша бастаған шағында айтылған бәйіт жолында «пұтты» жансыздандыру өте үлкен қайраттылықты қажет еткен:

فَلَا لَعْنَرُ الذِّي مَسَحَتْ كَعْبَتَهِ وَمَاهَرِيقَ عَلَى الْأَنْسَابِ مِنْ حَسَدٍ

Қаабада іздедім мен батаны,

Жансыз тұлға пұттарға жас төтілді біршама /4, 282/

Зухайр ибн Аби Сульма соғысты қадалған тіске, оның ішінде қисық азу тіске балауы тіпті айрықша естіледі:

إِذَا لَقِحْتَ حَرْبَ عَوَانَ مَضْرَةً ضَرُورُسَ تَهْرَ النَّاسَ أَنْيَاهَا عَصَلَ

Соғыс қатал ылғи да, ал қан ағады өзендей.

Секілді ол қисық азу тіс қадалған жерден қан судай ақкан /4, 309/

Кыз атаулымен байланыстыра қолданылған айқындаулар көптеп саналады, мысалы Бұқар жырауда «Оң бармағы қыналы. Омырауы жұпарлы» жолдарында, Шал ақынның «Дегдар қыз екенсің бір алма мойын, Ұжмақтан жаратылған жұпар қойын» немесе «Екінші әйел - қыналы бармақ дейтін» деген жолдарында ару саусақтарының жіңішкелігін - қыналы, омырауының әсемдігі мен хош иісін жұпарлы деген сөздерімен тіркестіре көрсетеді, сонымен қатар мойындарының әсемдігіне жоғарыда аталып өткен «алма» сөзімен қоса «талма» мойын деген эпитетті де қолданады, Шал ақын «Қыз он беске келгенде талма мойын, Он алтыда қыздардың қылса тойын», «тал» сөзінің өзі тал шыбық деген тіркестен алынған, оның негізгі мағынасы жіңішке, тұзу, соған орай «тал» сөзі дene бітімінің басқа да мүшелерімен бірге тіркесіп қеледі, мысалы Шал ақын «Жығып сап тал төсінді уаласам» деген жолы. Бәдәуилдердің арасынан әл-Иашқаридің тамаша қасыдасының бәйіт жолдарын мысал ретінде алутымызға болады. Шайыр арудың көйлегін таза жібектен жасалынған деп мақтай отырып, оның жүрісін нәзік қозғалған құрмен, демін ару ғазел демімен тенденстіреді:

الكافع الحسناء تر فل المقص وفي الحرير
دفعتها فتدافعت مشي القطة الى الغدير
ولثمتها فتنفست كتنفس الطبي البهير

Көкірегі тамаша, ол сұлу да жас өзі,
Таза жібек көйлегі етегімен жерге туследі.

Мен оны жай итердім, ол нәзік козгалды,
Бұлаққа бара жатқан құрға ұқсайды ол.

Мен оны сүйгенде, ол жай күрсінді,
Демін оның ару ғазел деміне ұқсаттым мен /4, 214/.

Ақын, жырау және бәдәуи шайырлары мұрасында өмірдегі әр алуан заттар мен құбылыстардың айрықша сипаты мен сапасын анықтан, һем нақтылап, ерекше ажар беретін айқындаулардың (эпитеттердің) небір түрі кездесетінін көрдік. Қазақ ақын, жыраулары мен бәдәуи ақындарының эпитеттерді қолдану аясының кендігі таңғаларлық, олар сөзді айқындарап қана қоймай, ерекше мазмұн сыйлаған.

1. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы, -Алматы: Фылым, 1984.
2. Мең К. Мусульманский ренессанс, -М: «Наука» 1973.
3. Веселовский А.Н. Историческая поэтика, -Л. 1940.
4. الـإِلـيـفـ الـدـكـورـ شـوـقـيـ ضـيـفـ تـارـيـ خـ العـصـرـ الـجـاهـيـ. النـاـشـرـ: الـقـاهـرـةـ 1993ـ صـ 1ـ الـعـرـبـيـ
5. Магаун M. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет /XV-XVIII ғғ./, хрестоматия,- Алматы: Ана тілі. 1993.
6. M. Magauin Гасырлар бедере (әдеби зерттеулер) – Алматы: Жазушы, 1991.
7. X. Сүйиншиев VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті -Алматы: Мектеп, 1989.
8. Бес гасыр жырылайды -Алматы: Жазушы, 1989.
9. M. Жармухамедов Қоненің көзі (XI-XVIII ғғ. қазақ әдебиеті,- Алматы: Санат, 1991.

Данная статья посвящена сравнительно-сопоставительной устной поэзии арабов (доисламская поэзия) и казахов (жырау). В ней рассмотрены вопросы касающиеся эпитетов и их месту, которое они занимают в поэзии двух кочевых народов.

This article focuses on the comparative oral poetry of the Arabs (pre-Islamic poetry) and Kazakhs (zhyrau). It examines issues relating to the epithets and the place they occupy in the poetry of two nomadic peoples/

Б. Усен

THEORY OF EQUIVALENCE IN TRANSLATION: HISTORICAL REVIEW

Translation has been researched by many scholars from different notions of view. Some of translation scholars defined their theories a source-oriented theory, others regarded the target-oriented theories. There are also theorists who chose a place in between; however, all translation theories are related to the notion of equivalence in one way or another. Therefore, equivalence plays a crucial role in translation. In fact, both source and target languages include ranges of equivalents from the least meaningful level of a language, namely, morpheme to the big levels like sentence. In the process of translation these levels of language appear to be equivalence levels between source

language and target language. For example, if there is a word in the S.L, it must be translated into T.L at the word level usually. Accordingly, translation is the matter of establishing equivalence between S.L and T.L.

Translation developed mainly in the second half of the 20th century. Therefore, theory of equivalence has been studied scientifically from the beginning of the second half of the 20th century up to now.

The aim of this article is to review the theory of equivalence as interpreted by some of the most innovative American and European theorists in this field—Vinay and Darbelnet, Jakobson, Nida and